

Бекітемін  
Мектеп директоры



Б.Ж.Жумагулова

## Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері

Техника қауіпсіздік ережелерімен таныспаған оқушыға, информатика сабағына қатысуға рұқсат берілмейді.

Ережелердің бұзылуы — электр тогының соғуына, өртке және түрлі жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Тәртіптің қатаң сақталуын мұғалім қадағалауы тиіс.

Кабинетке кірер алдында Кабинетке сырт киіммен, бас киіммен және тамақпен кіруге тыйым салынады;

Сабаққа кірмес бұрын жеке мобильді құрылғылар (смартфон, плеер) өшірілуі керек;

Мұғалім белгілеген компьютерлік орынды ауыстыруға болмайды;

Құрылғыны тексеріп алып, зақымданған жері болса мұғалімге хабарлау қажет;

Тәртіпті, қауіпсіздік ережелерін және тазалықты сақтаңыз;

Компьютердің алдына отырған соң, экран мен көздің арасындағы қашықтықты (70 — 80 см) сақтап, денеңізді түзу ұстаңыз.

Сабақ барысында Мұғалімнің рұқсатысыз орнынан тұруға, секіруге, шу шығаруға, қатты сөйлеуге және басқа оқушыларға бөгет жасауға;

Кабельдерді, розеткаларды және сымдарды ажыратуға немесе қозғалтуға;

Сабақ барысында компьютерлік ойындарды ойнауға;

Компьютердің ішіндегі бағдарламаларды өшіруге;

Жүйелік блокты, дисплейді немесе үстелді жылжытуға;

Пернетақтаны кір немесе дымқыл қолмен қатты ұрғылап басуға;

Компьютерге дискі немесе флэш-картаны салуға;

Мониторды қолымен ұстауға;

Мұғалімнің компьютерімен қолдануға;

Өз бетінше құрылғыларды өшіруге немесе қосуға тыйым салынады.

Жоғарыда жазылған ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін, оқушы информатика сабағынан шығарылады.

Пән мұғалімі: *Т.Нұртаза*, Т.Нұртаза

Бекітемін

Мектеп директоры



Б.Ж.Жумагулова

## ФИЗИКА КАБИНЕТІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКА ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Сақ болындар, абайлаңдар, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындаңдар.
2. Жұмыс орнын мұғалімнің рұқсатынсыз бос қалдыруға болмайды.
3. Жұмыс орнындағы приборларды, материалдарды, құралдарды мұғалімнің нұсқауы бойынша орналастырыңдар.
4. Жұмыс орнына қажетсіз заттарды қоймаңдар.
5. Жұмысқа кірісер алдында мақсаты мен нұсқауларын мұқият оқыңдар.
6. Электр тізбегін құрастыру, жалғау, монтаждау және электр приборларды ремонттау токкөзі ажыратылған кезде жасалуы керек.
7. Ток көзін мұғалімнің рұқсатынсыз қосуға болмайды.
8. Ток көзіндегі және тізбек бөлігіндегі кернеудің бар екенін прибормен тексеріңдер.
9. Сымдардың изоляциясы бүтін болуын қадағалаңдар.
10. Бақылау және өлшеуді орындағанда, ашық сымға жоламаңдар.
11. Конденсаторға ток көзі ажыратылған соң да тиісуге болмайды, оны зарядсыздандыру керек.
12. Сынап организмге қауіпті, сондықтан термометрді дұрыс қолдана білген жөн.
13. Спиртовканың темір қақпағы болуы керек. Шамдарға бензин құюға болмайды.
14. Шыныдан жасалған приборлармен жұмыс істегенде, сақ болған жөн.
15. Жұмыс соңында алдымен ток көзін үзу керек, содан тізбекті жинау керек.
16. Приборлардың бұзылғанын байқағанда ток көзінен ажыратып, мұғалімге хабарлау керек.

Пән мұғалімі: *Карина*

Л.Ә.Картина

Бекітемін

Мектеп директоры



Б.Ж.Жумагулова

## Дене шынықтыру сабағындағы қауіпсіздік ережелері

Оқушылар дене шынықтыру сабағында жарақат алмауы үшін, мұғалім сабақ басталмас бұрын, балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіруге міндетті.

### Кіріспе ережелері

1. Дене шынықтыру сабағына қауіпсіздік ережелерімен танысқан оқушылар ғана қатысады.
2. Физикалық жаттығулардан босатылған балалар, мұғалімге медициналық анықтамасын көрсетіп, сыныппен бірге сабаққа қатысуы керек.
3. Оқушылардың спорттық киімдері жаттығу залындағы температураға және ауа-райы жағдайына сәйкес болуы керек.
4. Сабақ барысында, сағыз шайнауға немесе тамақ ішуге тыйым салынады.
5. Жаттығулар аяқталған соң, суық су ішуге болмайды.

### Сабақ басталмас бұрын

1. Оқушылар сабаққа кешікпей келуге міндетті.
2. Ұлдар мен қыздар киімдерін бөлек бөлмелерде ауыстырады.
3. Спорттық киімнің қалталарында қауіпті заттар болса, алып тасталады.
4. Мұғалімнің пәрменін естігеннен кейін, оқушылар саптық қатарға тізіледі.

### Дене жаттығулары кезіндегі қауіпсіздік техникасы

1. Балалар мұғалімнің барлық нұсқаулары мен бұйрықтарын мұқият тыңдап, дәл орындауға міндетті.
2. Ұстаз рұқсат бермей, спорттық құралдарға жақындауға болмайды.
3. Тайғақ немесе ылғал жерде жаттығулар жасауға тыйым салынады.
4. Жүгіру кезінде тек алға ғана қарап, қажетті қашықтықты сақтау қажет.
5. Басқаларға кедергі келтіріп, оқу процесіне қатысы жоқ істермен айналысуға болмайды.
6. Жаттығу залынан ұстаздың рұқсатысыз шығуға тыйым салынады.
7. Егер оқушы жарақат алса, жаттығуды орындауды тоқтатып, бұл туралы мұғалімге хабарлауы керек.

Қауіпсіздік техникасы — бұл білім беру процесінің маңызды элементі, сондықтан, мұғалімдер бұл ережелердің орындалуын қатаң қадағалауы қажет.

Пән мұғалімі:

М.Ж.Турмаганбетов



### **Химия кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері**

- 1.Лабораторияда және кабинетте тек химия пәнәнің мұғалімі бар кезде әрі оның рұқсатын алып жұмыс істеу керек.
- 2.Алдымен әрбір орындалатын жұмыспен танысып, ондағы қолданатын заттардың қасиеттерімен, құрал-жабдықтардың нақты өздерімен әрі не үшін қолданылатынын айқындап алу керек.
- 3.Химиялық лаборатория мен кабинетте жұмыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін дүниелердің: бастапқы көмек көрсететін дәріханалық қобдишаның, көзді жуатын айдалған судың, өрт сөндіргіштің, оттың бетін жауып кішігірім отты сөндіретін жамылғыш пен құм салған ыдыстың, қан тоқтатқыш қоспаның, йод ерітіндісінің, т.б. тұрған жерін дәл біліп алу керек.
- 4.Кез-келген жұмысты орындаудан бұрын оқушы үстіне арнайы жұмыс халатын киіп, қажет болса көзіне қорғауыш көзілдірік, тағып алғаны дұрыс. Аяқ киімнің де жан-жағы жабық болғаны жөн, қолға арнайы қолғап кию де, қажет болуы мүмкін.
- 5.Тәжірибеге кірісердің алдында жұмыс үстелінің үстінен артық дүниені, соның ішінде оқулықтар мен басы артық қағаздарды шетке алып керек.
- 6.Реактив салынған ыдыстың сыртында жазылған заттың формуласын кем дегенде екі рет қарап алған жөн.
- 7.Реактивтерді қолмен ұстауға, дәмін татып көруге болмайды. Егер газ күйіндегі заттың иесін сезгің келсе, оның ыдысын мұрыннан алысырақ ұстап, аздап желпіп көру керек.
- 8.Реактиві бар ыдыстың аузына үңілмейді, жанынан қарайды. Сынауықтың ашық аузын оқушы өзіне немесе жанындағы адамға қаратып ұстамауы керек.
- 9.Артық алынған реактивтің қалғанын қайтадан таза зат салынған ыдысқа салуға немесе құюға болмайды. Лабораторияда және кабинетте тек таза зат пен таза ыдыс қолданылатынын үнемі есте ұстаған жөн.
- 10.Тәжірибеге қажетті заттарды мүмкіндігінше дәл мөлшерде және аз етіп алындар. Реактивтерді үнемді қолдана білу керек.

## **Химиялық тәжірибелерді жасағанда есте сақтайтын талаптар**

1. Тәжірибені жасағанда нұсқауға қарап жаса.
2. Сырты жазылмаған ыдыстағы заттармен тәжірибе жасама.
3. Затты этикеткасыз тастама.
4. Тәжірибені жасағанда заттың этикеткасын оқы.
5. Заттың иісін анықтағанда ыдысты мұрынына жақын апаруға болмайды, өйткені бу немесе газдарды иіскеу тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін. Иісті білу үшін ыдыстың аузынан мұрныңа қарай алақанмен желпу керек.
6. Сынауықтағы сұйықтықтарды бірден қыздырмай, алдымен сынауықтың бойын жылытып ал.
7. Заттардың қалдығын қайтадан таза заты бар ыдысқа салма және құйма.
8. Улы затпен жұмыс істегенде тартпа шкафын пайдалан.
9. Спиртшамды жанып тұрғанда тастап кетуге болмайды, өшіргенде қалпақшамен жауып өшіреді.
- 10 Химиялық стаканды екі қолмен ұстау керек, ішіндегі сұйықтықты төгіп алмау үшін.

## **Шыны ыдыстармен жұмыс істегенде ұстанатын ережелер**

1. Ішінде ыстық сұйықтығы бар ыдысты суытпай тығынмен жабуға болмайды.
2. Ыстық сұйықтығы бар ыдысты екі қолмен ұста , бір қолмен түбін, бір қолмен жоғары бөлігін ұстау керек.
3. Сұйықтықты бір- біріне құйғанда кейбір жағдайда жылу бөлінетіндіктен, кәрден ыдысты пайдалану керек.
4. Шыны ыдыстың кетігі қолды кесіп кетпеу үшін шетін отқа балқыту керек.
5. Қалың қабырғалы ыдыстың аузын жабқанда ыдыстың жоғарғы бөлігін ұстап жабу керек.
6. Сынауықтағы, құтыдағы сұйықтықтарды қыздырған кезде ыдыстың аузын міндетті түрде алшақ ұста.
8. Аздаған шытынағаны бар ыдыспен жұмыс істеуге болмайды .

9. Шыны ыдысты приборларды резина түтікшелерді пайдаланып қосқанда орамаларды пайдалан.

### **Қышқылдар мен сілтілермен жұмыс істеу ережелері**

1. Күйдіргіш затпен жұмыс істегенде тек нұсқауда көрсетілген тәжірибені жасау керек.
2. Жұмысты бастамас бұрын техникалық қауіпсіздік ережелерін қайтала.
3. Тәжірибе жасайтын ыдыстың тазалығын тексер.
4. Жұмысқа қажет емес заттарды алып таста.
5. Қышқылдарды сұйылтқанда мына ережелерді есте ұстандар: Суды шайқай отырып, оған қышқылды жайлап сыздықтатып құю керек, қышқылға су құюға болмайды!
6. Қышқылмен, сілтілермен жұмыс істегенде сақ болыңдар! Егер, байқамай қолына немесе киіміне тиіп кетсе, қолма – қол суды көбірек пайдаланып жуып жіберіңдер.
7. Раковинаға қышқыл қалдығын төгуге болмайды және тәжірибеден қалған ерітіндіні арнаулы ыдысқа құй.
8. Егер, қолына қышқыл тамызып алсаң, раковинадағы сумен жуып жібер және сода ерітіндісімен байтарапта.

### **Жеңіл тұтанатын затпен жұмыс істеу**

1. Жеңіл тұтанатын затпен жұмыс істегенде, спиртшам мен электроқыздырғышты өшіріп қою керек.
2. Спиртшамды жанып тұрғанда ашық тастап кетуге болмайды, қақпағын жабу арқылы өшіріледі.
3. Электроқыздырғыштан өрт шыққан жағдайда өрт сөндіргіш заттар: құм, от алмайтын маталар.

### **Тартпа шкаф астында жұмыс істегенде есте сақтайтын ережелер**

1. Улы затпен жұмыс істегенде тәжірибе тартпа шкафы астында жүргізіледі.
3. Жұмыс басталарда тартпа шкафын іске қос.
3. Тәжірибені жасап болған соң тартпа шкафын істен алуды ұмытпа.

### **Газ жанарғысымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік ережелері**

1. Газ жанарғысын жағу үшін жанған шырпыны жанарғының тесігіне апарып, шүмегін жайлап ашындар.
  2. Газ жанғанда жалының шалқуы байқалса, шүмекті тез жабыңдар, газ жанарғысы салқындаған соң ауа реттегішті жауып, жанарғыны қайта жағындар.
  3. Жұмыс аяқталған соң газ шүмегінің жабылғанын тексеруді ұмытпаңдар.
  4. Бөлмеде газ иісі сезілсе, сіріңке жағуға болмайды, газдың иісі туралы мұғалімге хабарлау керек.
- 

Пән мұғалімі:  А.А.Қасымова